

№1 педагогикалық кеңестің күн тәртібі

Тақырыбы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру».

Мақсаты: 2023-2024 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастыру, жаңа оқу жылдық жоспарын қабылдау және бекіту.

Өткізген күні: 05 қыркүйек 2023жыл

Қатысқан: 10 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: А.О.Лукошенко

Хатшы: Ж.С.Давлеткалиева

Күн тәртібінде:

1. Балабақша меңгерушісі А.О.Лукошенко алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру
2. Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту
3. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту:
 - жылдық мақсат пен міндеттерді;
 - оқу жоспарларын бекіту;
 - ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі;
 - перспективалық жұмыс жоспарлары;
 - таңғы жаттығу кестесі;
 - күн тәртібі кестесін бекіту
 - тәлімгерлік жұмыс;
4. Талдау
5. Аттестатталушы педагогтардың өтініштерің қарау .
6. Талқылау 2023-2024 оқу жылы...»
7. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

2023-2024 оқу жылының №1 педкеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.О.Лукошенко сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Ж.С.Давлеткалиева педагогтарға топқа бөлінуді сұрады. Бірінші топ: жазғы сауықтыру кезеңіне талқылау жасады, екінші топ: менің жазғы демалысым, үшінші топ: Балабақшамыздың – мейірім мекенім» тақырыбына интелект карта жасауды сұрады. жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңіне қорытынды жасалды, жазғы демалыс кезеңі талқыланды және бөбекжай мейірім мекені болуы үшін балаларға эмоционалды қолайлы орта ұйымдастырудың қажеттілігі талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді. 2023-2024 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстырып өтті. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді. Барлық топтарға ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, перспективалық жұмыс жоспарлары, таңғы жаттығу кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды. Бөбекжайдың жас мамандарына тәлімгерлер бекітілді. Тәлімгерлік жұмыс бойынша жоспар құрылды.

Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту, комиссияның құрамы сайланды. Және кәсіподақ төрайымы өзгертілді. Кәсіподақ төрайымы болып тәрбиеші Ж.Б.Сунесинова бекітілді. Кәсіподақ төрайымының көмекшісі болып Г.Б.Алимбекова тағайындалды.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Ж.С.Давлеткалива талдау өткізді. Педагогтарға интелект карталармен жұмыс жасаудың тиімділігін көрсетті. «Мен 2023-2024 жылы...» деп әр педагог жаңа оқу жылына мақсаттарын жазып шықты. Жылдың соңында осы жазылған мақсаттары бойынша қорытынды жасалатын болады деп атап өтті.

Әр түрлі мәселелер бойынша жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешімін қабылданды.

Шешімдер:

1. 11 қыркүйекке дейін топтардың жеке іс-қағаздары тапсырылсын.
2. Қыркүйек айының екінші аптасында перспективалық жоспарлар бекітілсін.
3. Топтар көрнекіліктермен жаңартылсын, ҰІӨ-тер дайындықпен жүргізілсін.
4. Топтарда дамытушылық орталықтар жасақталсын.
5. Бөбекжайда қамқоршылық кеңес құрылсын. Аналар, әкелер, әжелер мектебі жасақталсын.
6. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері ұйымдастырылсын

Хаттама толтырған: Ж.С.Давлеткалиева
Төрағасы: А.О.Лукошенко



№ 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: Ерекше білім қажеттілігі бар балаларды психологиялық қолдауды іске асыру және инклюзивті білім беруді орындау.

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің жалпы білім беретін ортада әлеуметтенуі мен оның дамуына және оқыту үдерісінде баланың жетістіктерге жетуіне мүмкіндік тудызу.

Өткізген күні: 30 қараша 2023жыл

Қатысқан: 10 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: А.О.Лукошенко

Хатшы: Ж.С.Давлеткалиева

Күн тәртібі:

1. Ерекше білім қажеттілігі бар балаларды психологиялық қолдауды іске асыру шаралары.
2. Инклюзивті білім беру жүйесін енгізу және жүзеге асыру.
3. Ерекше балалардың оқу процесінде қолданылатын әдіс-тәсілдер мен құралдарды талқылау.
4. Балалардың психологиялық дамуында кездесетін қиындықтарды жеңу үшін ата-аналармен жұмыс жүргізу.

Тыңдалды:

1. Педагогтың баяндамасы

Педагогикалық кеңестің алғашқы мәселесі бойынша балабақша педагогы Г.Рымбекова ерекше білім қажеттілігі бар балаларға психологиялық қолдау көрсету туралы баяндама жасады. Ол инклюзивті білім беру принциптерін тиімді жүзеге асыру үшін балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы әдіс-тәсілдерді қолдану керектігін атап өтті. Осы орайда балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту, эмоционалды жағдайларын тұрақтандыру және когнитивті қабілеттерін жақсартуға арналған тапсырмалар ұсынылды.

2. Инклюзивті білім беру жүйесін енгізу

Әдіскер Ж.Давлеткалиева инклюзивті білім беру жүйесінің маңызды аспектілерін түсіндірді. Оның айтуынша, инклюзияны жүзеге асыруда

барлық педагогтардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру, арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану қажет. Педагогтар мен психологтар арнайы оқытушы мамандармен бірлесіп, балаларға тиімді қолдау көрсететін орта құру қажеттігін айтты.

3. Әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдану

Қосымша педагогикалық әдістер мен арнайы құралдарды (психологиялық жаттығулар, ойын терапиясы, сенсорлық кабинеттер) қолдану туралы ұсыныстар талқыланды. Бұл балалардың оқу процесіне қатысуына және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға әсер етеді.

4. Ата-аналармен жұмыс жүргізу

Ата-аналармен ынтымақтастықтың маңызы ерекше. Ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету, олардың балалармен жұмыс жасау дағдыларын нығайту үшін арнайы тренингтер мен кеңес беру қызметі ұйымдастырылады. Педагогтар ата-аналарға балалардың дамуына қатысты жеке кеңестер береді.

Қорытынды:

- Ерекше білім қажеттілігі бар балаларға психологиялық қолдау көрсету шаралары балабақшадағы барлық педагогикалық қызметкерлермен бірлесіп жүзеге асырылады.
- Инклюзивті білім беру жүйесі бойынша арнайы жаттығулар мен әдістерді қолдану әр баланың қажеттілігіне сәйкес бейімделеді.
- Педагогтар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас нығайтылып, бірлескен жұмыс ұйымдастырылады.

Қорытынды шешім:

Педагогикалық кеңес инклюзивті білім беру жүйесін іске асыру үшін барлық қажетті жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асырып, балалардың психологиялық және оқу процесіне толыққанды көмек көрсету керектігін бірауыздан мақұлдады.

Кеңес хатшысы: Ж.С.Давлеткалиева



Төрайымы: А.О.Лукошенко

МЭ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы «Балабақшаның қоршаған кеңестігін, экологиялық әлемінің ойын үлгісі ретінде ұйымдастыру тәжірибесі».

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін, шағын отанға деген сүйіспеншілігін, туған табиғатын құрметтеуді тәрбиелеуде қоршаған орта кеңістігін қалыптастыру.

Өткізген күні: 31 қаңтар 2024жыл

Қатысқан: 10 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: А.О.Лукошенко

Хатшы: Ж.С.Давлеткалиева

Күн тәртібі:

1. Балабақшадағы қоршаған кеңестікті экологиялық ойын үлгісі ретінде ұйымдастыру.
2. Экологиялық білім беру мен тәрбиенің негізгі бағыттары.
3. Ойын арқылы экологиялық білім беру әдістері мен тәсілдері.
4. Балалардың экологиялық сана-сезімін қалыптастыру.

Тыңдалды:

1. Қоршаған кеңестікті экологиялық ойын үлгісі ретінде ұйымдастыру

Әдіскер Ж.С.Давлеткалиева балабақшадағы қоршаған кеңестікті экологиялық ойын үлгісі ретінде ұйымдастыру тәжірибесі туралы баяндама жасады. Ол балалардың қоршаған орта мен табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру үшін ойын арқылы экологиялық білім берудің тиімділігін атап өтті. Осы мақсатта экологиялық тақырыпта ұйымдастырылған ойындар мен іс-шаралар, табиғатты қорғау мен сақтау жөнінде балаларға берілетін білімнің маңыздылығы туралы сөз қозғады.

2. Экологиялық білім беру мен тәрбиенің негізгі бағыттары

Балабақша тәрбиешісі А.Қонысбаева экологиялық білім беру мен тәрбиенің негізгі бағыттары туралы әңгімеледі. Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын ояту, экологиялық проблемалармен таныстыру және табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу мақсатында түрлі экологиялық жобалар ұсынылды. Сондай-ақ, экологиялық ойындар арқылы балалардың экология саласында білімдерін тереңдетуге мүмкіндік бар екендігі айтылды.

3. Ойын арқылы экологиялық білім беру әдістері мен тәсілдері

Тәрбиеші Б.Д.Артықбаева ойын арқылы экологиялық білім беру әдістері мен тәсілдері туралы баяндады. Ойын барысында балаларға экологиялық ұғымдарды түсіндіру, табиғаттағы өзгерістер мен экологиялық мәселелер туралы ой қозғау, табиғатқа қамқорлық жасау сияқты маңызды мәселелерді көтеру арқылы экологиялық білім берудің тиімді екенін атап өтті. Ойын әдістері балалардың қызығушылығын арттырып, оларды белсенді қатысуға, экологиялық проблемаларды шешуге ынталандырады.

4. Балалардың экологиялық сана-сезімін қалыптастыру

Тәрбиеші Ж.Б.Суиесинова балалардың экологиялық сана-сезімін қалыптастырудың психологиялық аспектілерін түсіндірді. Балаларды табиғатпен байланысқа түсіріп, олардың экологиялық білімдерін дамытудың маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, экологиялық тәрбиенің алғашқы кезеңінде баланың сана-сезімін қалыптастыруда ата-аналардың да рөлі үлкен екендігі айтылды.

Қорытынды:

- Балабақшада қоршаған кеңістікті экологиялық ойын үлгісі ретінде ұйымдастыру тәжірибесі жалғасын табады.
- Экологиялық білім беру мен тәрбие баланың жас ерекшелігіне қарай жеке тәсілдермен жүзеге асырылады.
- Ойын арқылы экологиялық білім берудің жаңа әдістері мен тәсілдері қолданысқа енгізіледі.
- Балалардың экологиялық сана-сезімін қалыптастыру жұмыстары ата-аналармен бірлесіп ұйымдастырылады.

Қорытынды шешім:

Педагогикалық кеңес балабақшада экологиялық білім беру мен тәрбиені ойын үлгісінде ұйымдастыруды қолдайды. Бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі дамытуға және балалардың экологиялық мәдениетін арттыруға күш салу қажет.

Хаттама толтырған: Ж.С.Давлеткалиева
Торағасы: А.О.Лукошенко



№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы «Балабақша мен отбасының бірегей білім кеңістігін құру».

Мақсаты: Педагогтардың ата-аналармен өзара әрекеттесуін қалыптастыру және арттыру.

Өткізген күні: 29 наурыз 2024жыл

Қатысқан: 10 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: А.О.Лукошенко

Хатшы: Ж.С.Давлеткалиева

Күн тәртібі

1. Балабақша мен отбасының бірегей білім кеңістігін құру қажеттілігі.
2. Педагогикалық процеске отбасы мен қоғамды тарту жолдары.
3. Балабақша мен отбасының ынтымақтастығын арттыру шаралары.
4. Ата-аналармен жұмыс жүргізудің тиімді әдістері.

Тыңдалды:

1. Балабақша мен отбасының бірегей білім кеңістігін құру.

Кеңес барысында балабақша меңгерушісі А.О.Лукошенко ата-аналар мен педагогтардың бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өтті. Балабақша мен отбасы арасында тығыз ынтымақтастық орнату балалардың дамуына оң әсер ететіні туралы айтылды. Бұл бағытта оқу мен тәрбие үдерісін бірге жоспарлау, ата-аналармен кездесулер өткізілген туралы және тәрбиелеу әдістерін үйлестіру қажеттілігін талқыланды.

2. Педагогикалық процеске отбасы мен қоғамды тарту.

Әдіскер Ж.С.Давлеткалиева балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайту үшін арнайы шаралар ұсынды. Педагогикалық процесті бірлесіп ұйымдастыру, ата-аналар мен қоғамды білім беру үдерісіне тарту балалардың психоэмоционалды жағдайына және олардың білім алуына ықпал етеді. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату, оларды балабақша іс-шараларына қатыстыру ұсынылды.

3. Балабақша мен отбасының ынтымақтастығын арттыру шаралары.

Педагогтар балалардың білімін арттыру үшін ата-аналардың белсенді қатысуын ынталандыру шаралары туралы пікір алмасты. Әр түрлі шығармашылық іс-шаралар, ата-аналарға арналған тренингтер мен семинарлар өткізу, сондай-ақ білім беру жобалары мен бағдарлама бойынша бірлескен жұмыс ұйымдастырылғаны туралы айтылды.

4. Ата-аналармен жұмыс жүргізудің тиімді әдістері.

Ата-аналармен тиімді жұмыс жүргізудің әдіс-тәсілдері ұсынылды.

Педагогтар ата-аналарға балалардың оқу және даму барысы туралы жиі ақпарат беріп, олармен кеңес жүргізу керектігі айтылды. Сонымен қатар, ата-аналардың білім беру үдерісіне қатысуына қолайлы жағдай жасау маңызды екендігі атап өтілді.

Қорытынды:

- Балабақша мен отбасының бірегей білім кеңістігін құру жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі.
- Педагогтар мен ата-аналар арасында ынтымақтастықты арттыру мақсатында әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.
- Ата-аналармен тұрақты байланыс орнатып, олардың балабақшадағы тәрбие мен оқыту процесіне қатысуын қамтамасыз ету үшін жұмыс жүргізілуде

Қорытынды шешім:

Педагогикалық кеңес балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту бағытындағы жұмыстарды қолдайды және бұл жұмысты одан әрі жалғастыруды ұсынады.

Хаттама толтырған: Ж.С.Давлеткалиева
Төрағасы: А.О.Лукошенко



№5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылындағы балабақша жұмысын талдау. Оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалуы туралы»

Өткізген күні: 30 Мамыр 2024жыл

Қатысқан: 10 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: А.О.Лукошенко

Хатшы: Ж.С.Давлеткалиева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқыту педагогикалық кеңесінің шешімін талдау.
2. Біздің табысты жұмысымыз туралы – топ тәрбиеленушілері мен мамандарының жыл бойы жүргізген жұмысы жайлы есебі.
3. Әдіскердің бір жыл ішінде атқарған жұмысы жайлы есебі.
4. Жазғы-сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспарларын бекіту.

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Ж.С.Давлеткалиева №4 педагогтің шешімдерінің орындалу барысына тоқталды. Педагог-тәрбиешілердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың өзекті мәселелері зерделеніп, жұмыс тәжірибесіне енгізілуіне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша педагогтардың атқарған жұмыстарына, онлайн, офлайн білім беруді ұйымдастырудағы жұмыстарды жақсартуға, ата-аналармен жұмыс жүргізуге арналған жылдық жоспарға сай іс-шаралар, ертерешеліктер, байқаулар, ата-аналармен жиналыс, қамқоршылық кеңесінің отырысы жайлы атқарылған жұмыстарға тоқталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарттарының және бағдарламаларының талаптарын орындауға, педагогтардың кәсіби шеберлігінің өсуі, педагогтардың шығармашылық әлеуетінің жоғарылауы, педагог-тәрбиешілердің біліктілікті арттыру курстарына баруы, аудандық тәжірибелік семинарларға қатысуы жайлы толық мәлімет берілді.

Үшінші мәселе бойынша меңгеруші А.О.Лукошенко ағымдағы оқу жылында әдіскердің бір жыл ішінде істеген жұмысы жайлы есебінде жылдық жоспарға

сай іс-шаралар, ертегіліктер, байқаулар, ата-аналармен жиналыс, камқоршылық кеңесінің отырысы жөніндегі атқарылған жұмыстарға тоқталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарттарының және бағдарламаларының талаптарын орындауы, педагогтардың кәсіби шеберлігінің өсуі, педагогтардың шығармашылық әлеуетінің жоғарылауы, педагог-тәрбиешілердің біліктілікті арттыру курстарына баруы, аудандық тәжірибелік семинарларға қатысуы жайлы толық мәлімет берілді.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші А.О.Лукошенко жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарларын таныстырып, талдау жасады.

ШЕШІМІ:

1. Әдіскер Ж.С.Давлеткалиева №4 педагогтің шешімдерінің орындалу барысы туралы есебіне қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Педагог-тәрбиешілер үнемі ізденісте болып, білім деңгейін және кәсіби шеберліктерін арттырсын.
3. Әдіскер Ж.С.Давлеткалиева бір жыл ішінде атқарған жұмысы жайлы есебіне қанағаттанарлық деп бағалансын.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы меңгерушісі: А.О.Лукошенко

Хатшысы:

Ж.С.Давлеткалиева

